

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитеті
Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты
Татарстан Республикасы Ғылым академиясының А.Х. Халиков атындағы Археология институты
Орталық Азиялық зерттеулер халықаралық институты
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан облысының әкімдігі
Қазан федералдық университеті
Ресей Ғылым академиясының Археология институты (РҒА АИ)
РҒА Сібір бөлімінің Археология және этнография институты
РҒА Ұлы Петр атындағы Антропология және этнография музейі (Кунсткамера)
РҒА Материалдық мәдениет тарихы институты
РҒА Сібір бөлімінің Моңғолтану, буддология және тибетология институты
РҒА ҚБ Қиыр шығыс халықтарының тарих, археология және этнография институты
Алтай мемлекеттік университеті
Ұлттық археологиялық институты мен музейі (Болгария)

Еуразиялық далалық өркениет: адам және тарихи-мәдени орта

Еуразия даласы археологиясы
V халықаралық конгресінің материалдары

(Түркістан қ., 11–14 қазан 2022 ж.)

5-том



Алматы – Түркістан
2022

С. С. Мұрғабаяев,
М. М. Бахтыбаев,
Л. Ж. Малдыбекова

Сағынбай Серікбайұлы Мұрғабаяев,
sagynbay.murgabayev@ayu.edu.kz

Мэлс Маратұлы Бахтыбаев,
mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz

Ляззат Жұмағұлқызы Малдыбекова
lazzat.maldybekova@ayu.edu.kz

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан

2022 жылы Көккесенеде жүргізілген зерттеулердің нәтижелері

Аннотация. Мақалада Көккесенеде 2022 ж. жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері көрсетілген. Ескерткіш қазіргі Жаңақорған ауданы Қожамберді ауылының батысындағы ауыл қорымының ортасында, ортағасырлық Сығанақ қаласының 11 км оңтүстік-шығыста орналасқан. Қазба барысында құнды жәдігерлер табылды, оның ішінде бояулы және бояусыз (терракоталық) қаптама қыштары. Кесене құрылысының қашан салынғаны туралы болжамдар айтылады.

Түйін сөздер: Сығанақ, кесене, Көк кесене, архитектура ескерткіші, қаптама қыш, сағана

Сағынбай Серикбаевич Мургабаев,
Мэлс Маратович Бахтыбаев,

Ляззат Джумагуловна Малдыбекова,

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави,
г. Туркестан, Казахстан

Мавзолей Кок-кесене: предварительные результаты исследований 2022 г.

Аннотация. В статье даны предварительные результаты полевых исследований, проведенных в 2022 г. на мавзолее Кок кесене. Памятник расположен в 11 км к юго-западу от средневекового городища Сыганак, на территории современного кладбища, на окраине села Кожамберды (Жанакурганский р-н, Кызылординская обл.). В ходе археологических работ на памятнике обнаружены уникальные находки, в том числе глазурованные и терракотовые облицовочные плитки; выявлена планировка сооружения; высказаны предположения о времени постройки мавзолея.

Ключевые слова: Сыганак, мавзолей, Кок кесене, памятник архитектуры, облицовочная плитка, склеп

Sagynbay Murgabayev,
Mels Bakhtybayev,
Lazzat Maldybekova,

Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University,
Turkistan, Kazakhstan

Kok-kesene mausoleum: preliminary results of the 2022 study

Abstract. The article presents preliminary results of field research conducted in 2022 at the Kokkesene Mausoleum. The monument is located 11 km southwest of the medieval settlement of Syganak, on the territory

© 2022 Мұрғабаяев С.С., Бахтыбаев М.М., Малдыбекова Л.Ж.

*Жұмыс ҚР БҒМ Ғылым комитетінің нысаналы-бағдарламалық қаржыландыруы бойынша (2021–2023) ЖТН-і BR10965310 жобасы шеңберінде орындалды.

of the modern cemetery on the outskirts of the village of Kozhamberdy (Zhanakurgan district, Kyzylorda oblast). In the course of archaeological work on the monument, unique finds were discovered, including glazed and terracotta facing tiles; the layout of the building was revealed; assumptions were made about the time of construction of the mausoleum.

Keywords: Syganak, mausoleum, Kokkesene, architectural monument, facing tiles, crypt

Көккесененің зерттелу тарихы ХХ ғ. басында басталады. 1900 ж. сәуір айында В.А. Каллаур Көккесенеде арнайы болып, оны толық сипаттап жазды [Каллаур 1901: 98–101]. Оның пікірінше, бұл құрылыс – кесене. Онда ақсүйек әулетінен шыққан адамдар жерленген. Көккесене Сығанақтан 8 верст оңтүстікте, Төменарық станциясынан 5 верст солтүстік-батыста орналасқан. Кесене құрылысы биік, күйдірілген қыштан салынған. Сырты көк түсті қаптама қыштармен безендірілген. В.А. Каллаур кесененің бұзылуына уақыттың, сонымен бірге жергілікті тұрғындар кесене қыштарын бұзып алуы да себеп болып жатқанын алға тартты [Каллаур 1900: 12].

В.А. Каллаур кесенені зерттеу барысында күмбездің ішкі жағында арабша жазулардың барын анықтады, бір жазу 5–6 рет қайталанып жазылған. Осы сапарында, канцелярия қызметкері Жайлибаев жазулардың көшірмесін сызып алған.

Сығанақтық шырақшы молда Қош-Мұхаммет Тәтібаев кесененің ішкі жағын құлаған қыштар мен қоқыстан тазалаған соң, кесене құрылысының артқы жағынында «сағанасы» барын, оған түсетін арнайы ойықтың еденде орналасқанын жазды. Сағана үсті мазар ретінде қаланып, жалау орнатылған [Каллаур 1901: 98–101]. Сонымен қатар, В.А. Каллаур Көккесененің оңтүстік-батыс жағында орналасқан төбені жергілікті тұрғындар қазып, ол жерден шағын құрылыс қалдықтарының шыққанын және оның жобасы бойынша Көккесене құрылысына ұқсастығын атап өтті. В.А. Каллаурдың өтініші бойынша, аға акциз бақылаушысы А.Я. Уткин Көккесененің шығыс және оңтүстік-шығыс көріністерін суретке түсірді [Каллаур 1901: 98–101]. Өкініштісі, В.А. Каллаур кесененің бірде-бір өлшемін алмаған.

Ә.А. Диваев «Мавзолей Кок – Кесене» деген мақаласында Сығанаққа қарасты бұл орын туралы жазба деректерінде кездесетін мынандай бір аңызды келтіреді: «Ақкесене және Көккесене жерлерін осыдан 300 жыл бұрын қалмақтар биледі. Олардың өкілдері Уса мен Зиренг болды. Қалмақтар билеген бұл жерлер Сырдариядан және Қарықтыдан (Арал теңізі) төмен, “Сары үйшік” және “Үйшік” деп аталатын жерде орналасқан <...>. Кіші жүздің өкілі Тайлақ батыр және қырғыздың (қазақтың) Учакты (Ошақты) тайпасының Тас жүрек руынан шыққан Саңрық батырмен бірігіп қалмақтарды Ит ішпес, Алакөл мен Аңырақай шайқастарында қырған». Сонымен қатар, Ә.А. Диваев осы жерді қалмақтар билеген заманынан бұрынырақ Ақкесене және Көккесене деген ғимараттардың болғандығын, олардың қарауыл күзеттерінің тұратын жері екенін жазды [Диваев 1905: 40–41]. Ә.А. Диваев бұл ескерткіштердің аталуына да мән беріп, оларды Ақкесене, Көккесене деген жер атауымен байланыстырған.

В.А. Каллаурдың пікірінше Көккесене құрылысы «кесене» болса Ә.А. Диваев келтірген аңызда аталған Ошақты тайпасының Тас жүрек руы шынында Талас өзенінің төменгі ағысында мекендейтінін және Ақкесене мен Көккесене бекіністері осы жерде орналасқанын алға тартып, Ә.А. Диваевтың баяндамасында келтірілген аңызда Ақкесене мен Көккесене бекіністерін Сырдария өзенінің төменгі ағысына қателесіп жатқызуы мүмкін, себебі ол жерде мұндай құрылыстар туралы мәліметтер жоқ деп тұжырымдайды [Каллаур 1908: 32–33].

1909 ж. 23 наурыз күні өткен үйірме отырысында Ә.А. Диваев «О значении названия “Кок-Кесене”» атты баяндама жасап, онда, «Мавзолей Кок-Кесене» атты мақаладағы «Сары үйсін» мен «Үйсін» атаулары орнына «Сары үйшік» пен «Үйшік» болып қате жазылғанын атап, Перовск уезінің

тұрғындары Жүсіпбек Басығаринге және Сұлтан Ерғали Қасымовқа «Ақкесене» мен «Көккесене» терминдерін анықтап беруін өтініп хат жазғандығын атап өтті [Диваев 1909: 11].

Жүсіпбек Басығарин өз хатында, қырғыздар (қазақтар) арасында Қожамқұл деген адам болған. Аңыз бойынша Көккесенені жергілікті билеуші өз әйелінің мазары үстіне осы Қожамқұл салдырған дейді. Ж. Басығарин «кесене» термині «кошана» парсы сөзінен шыққан, оның мағынасы «ғимарат», ал «көк» - сөзі кесененің сырты көк түсті болғандықтан аталған «Көккесене», «Көкғимарат» мағынасына келеді деп жазады. Сонымен қатар, Ж. Басығарин араб сөзіндегі «кенісе» және парсы сөзіндегі «каліса» терминдеріне тоқталып, қазақтар осы сөзді «кесене» деп айтуы мүмкін, бірақ бұл сөз пұтқа табынушылардың шіркеуін білдіреді. Сондықтан, қазақтар оны «кесене» деп айтуы мүмкін емес деп пайымдайды [Диваев 1909: 12]. Ал, С.Е. Қасымов өз хатында - «Көккесене» термині өзбек тіліндегі «көк» және «кесе» мағынасына келеді деп жазады. Жоғарыда аталған мәліметтерді саралай отырып, Ә.А. Диваев, Ақкесене құрылысы сақталмаған. Оны Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан көне Жентпен баламалауға болады. Алайда, бұл пікір әлі де ғылыми зерттеуді қажет етеді деп, өз ойын білдіреді [Диваев 1909: 13].

Төменарық станциясынан солтүстік-шығыста орналасқан Көккесене құрылысын 1927 ж. Материалдық мәдениет тарихы академиясының қызметкері А.Ю. Якубовский зерттеп, бұл ескерткіштің қазіргі таңда құландысы ғана қалғандығын баяндады. А.Ю. Якубовский құрылыстың тек портал аркасының диаметрі 6,5 м, биіктігі 4,36 м болып келетін оңтүстік тірегінің сақталғандығын және жергілікті тұрғындардың айтуынша, Көккесене құрылысы 1914 ж. бұзылғанын, кесене құландысы төбе болып жатқандығын, оның айналдыра аумағы 110 қадам, биіктігі 3,1 м болып келген атап өтті [Якубовский 1929: 154].

Көккесене құландысын 2004 ж. ХҚТУ ТАЭ-сы (М. Елеуов) қайта зерттеп, оның географиялық координаттарын анықтады [Есеп 2005].

Ауыл тұрғындарының айтуынша бұл кесене маңы 1970-ші жылдардан бері ауыл қорымына айнала бастап, қазіргі күнге дейін сол мақсатта пайдаланылып келеді. Ол қорымның атауы да «Көк кесене қорымы» деп аталады. Бұл нысан ортағасырлық кезеңдерден бастап-ақ елді мекен немесе қаланың жерлеу орны, тіпті элиталық топты жерлеуге арналған пантеон болуы да ықтимал. Өйткені, соңғы кездегі ауыл тұрғындарының жерлеу орындарын қоспағанның өзінде, Көк кесенеге тиесілі төбеден бөлек бірнеше ірі кесене іздері бар екендігі анықталып отыр. Тіпті олардың бірінде ауыл тұрғындары мәйітті жерлеуге қабір қазу барысында топырақ астынан күйген кірпіштен салынаған ірі құрылыс ізіне тап болып, соңында оны қайта көміп тастаған. Сонымен қатар, Көккесененің солтүстік-батыс бөлігінде төбе болып жатқан екі құрылыс ізі анық көрініп жатыр.

Ал, енді тікелей Көккесенедегі 2022 ж. археологиялық зерттеу жұмыстарына тоқтала кетсек. Төбенің қазбаға дейінгі аумағы СШ–ОБ – 25 м, ал СБ–ОШ – 20 м (1-сур.). Алғашқыда жер бедері қос сатылы болып жатты, яғни негізгі жер деңгейінен арнайы алаң жасап барып, құрылысты сол алаңның үстінен көтерген болуы ықтимал деген ойға келдік. Арнайы алаң үстіндегі төбешіктің оңтүстік-батыс бөлігінің биіктігі жер деңгейінен 4 м шамасында, ал солтүстік-шығыс бөлігі әлдеқайда еңістеу болып келген. Алғашқыда қазбаны Каллаурдың берген сызбасын негізге ала отырып кесененің шаршы төртбұрышты болуы ықтимал деген оймен 15×15 м етіп шаршы пішінде салуды жоспарлаған болатынбыз. Оны ұзынынан екі секторға бөліп, шығыс бөлігіне қазба жүргізе бастадық. Қазба барысында оңтүстік-батыс бөліктен алғашқы күректен соң (0,3–0,35 м) күйген қыштан жасалған қаланды ізі анықтала бастады. Осы бөлікті аршу барысында сыртқы және ішкі бөліктерінің шекарасы белгісіз күйген қыштан қаланды ізі айқындала түсті. Қазба деңгейі 1,5 м тереңдеген кезде сыртқы қаландының жақсы сақталған бөлігі, кесененің шығыс бөлігін толық

аршыған уақытта биіктігі 1,2–1,35 м дейінгі толық сақталған құрылыс анықталды (2–3 сур.). Соған қарағанда, 1901 ж. В.А. Каллаур берген суреттің өзінде төменгі бөлік құланды мен топырақ астында жатқандығының куәсі болдық. Кесенені толық тазалау барысында оның оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа бағытталған ұзындығы 16 м, ені батыстағы порталды бөлігінде 10,58 м, орта тұсындағы негізгі бөлменің сыртқы ені 8,5 м, ал сағанаға арналған төрт бұрышты бөлменің ені 5,76 м екендігі анықталды. Кесененің оңтүстік-батысқа қараған порталды



1-сур. Көккесене. Қазба дейінгі көрінісі


бөлігіндегі негізгі арканың ені 3,63 м, порталдың оң бөлігінің ені 3,45 м, сол бөлігінің ені 3,50 м. Арканың тереңдігі 3,12 м, ортасында негізгі есік 1,2 м биіктікте орналасқан. Бұл биіктіктегі есікке кіру үшін арнайы баспалдақ жасалған. Оның сақталған ұзындығы 2,3 м, ені 1,3 м.

Баспалдақ шикі кесектен қаланған, оған қолданылған кесектердің көлемдері кесенеге пайдаланылған күйген кесектің көлемдерімен бірдей: 25×25×5 см және 39×25×5 см. Соған қарағанда бір қалыптан шыққан, дегенмен баспалдаққа жоғарыдан ешқандай салмақ түспегендіктен күймеген шикі кесекті қолданған болуы ықтимал. Есіктің ені табалдырық жағында 1,3 м, орта тұсында ені 1 м дейін тарылған, яғни есіктің жоғарғы маңдайша бөлігі сүйірленіп біткен болуы мүмкін. Есік арқылы кесененің негізгі бөлмесі басталады. Негізгі бөлме табалдырықтан 0,3 м төмен деңгейге дейін топырақпен толтырылған. Бөлмені айналдыра табалдырық деңгейінде қабырғаның жоғарғы бөлігінен 12,5 см енді болып келген белдемше бар, яғни бөлме қабырғасы кесененің іргетасы ретіндегі қаланған төменгі бөлікке қарағанда жұқара бастағаны байқалады. Төменгі іргетас

ретіндегі қаландының ені 1,63 м. Бөлменің ішкі бөлігінің аумағы тік төртбұрышты болып келген, көлемдері 5,77×5,8 м. Бұл бөлменің оңтүстік-батыс кіре беріс бөлігі іргетас ретіндегі белдемшеден жоғары шамамен 1,2 м дейін сақталған. Осы бұрышта қабырға қаландысынан 14 см ойық қалдырып, ол жерге бөлме қабырғасын айналдыра есілген арқан типтес оюмен өрнектелген қыш қаптамамен көлденең белдемше жасалған бөлік сақталған



2-сур. Көккесене. Қазбадан кейінгі көрініс



3-сур. Көкесене. Жоба

(осындай оюлы белдемше дәл осы деңгейде сыртқы жағынан да бір бөлігі байқалған болатын). Сондай-ақ бұл көлденең оюлы белдемшеден 15 см жоғары екінші оюлы белдемше басталады. Бұл оюлар беткі бөлігі өте ұқыпты тегістеліп қиюластырылған, күйдірілген қаптама қыштардың бетіне қашап, ойып, шахматтық ретпен жапсырылған көлдір сырлы бояумен боялған плиткалар. Бұл плиткalar әдеттегі керамикадан емес, гипс тәріздес материалдан жасалған. Көлемдері 9×6,5 см, қалыңдығы орташа 2–2,1 см. Плиткалар жабыстырылған қаптама қыштардың беткі бөлігінде пышақ жүзі өтпестей, балшықсыз қиюластырылғандай әсер қалдырғандығымен, олардың артқы бөлігі арнайы сүйірленіп жасалып, гипспен біріктірілгендігін көреміз. Бөлменің солтүстік-шығыс бөлігінде келесі сағана бөлмесіне кіруге арналған, төмен қарай түсетін баспалдақ жасалған. Арнайы күйген қыштан қаланып жасалған баспалдақ ені 0,95 м, тереңдігі шамамен 1 м. Сағана есігінің ені 0,95 м, биіктігі 1 м (4-сур.). Есіктің маңдайшасы ретінде арнайы бүтін құмтас пайдаланылған. Есіктің аузы да осындай екі құмтас бөліктермен жабылып, сырты қыштармен толтырылып, топырақпен көмулі тұрған болатын. Бұл есікке түсетін баспалдақтың бар екендігі және аузы үлкен тастармен жабылғаны туралы В.А. Каллаурдың хабарламасында айтылған болатын.

Сағана бөлмесіне тоқтала кететін болсақ – орталық бөлменің солтүстік-шығыс бөлігі сағана бөлмесімен жалғасып кеткен. Оның ені 2,43 м, сағана керегесінен 3–4 қатар қышпен бөлініп қаланған. Сағана құрылысының үстінде адам жүруге тиым салынған. Сағана бөлмесінің ішкі аумағының ені 2,8 м, ұзындығы 3,95 м. Осы бөлменің ішінен 25×25×5 см пішінді кірпіштерден тігінен қалап, сүйір аркалы етіп сағана шатырын қалаған. Жалпы бұл сағана шатырының деңгейі орталық бөлменің еденінің деңгейімен шамалас және ешқандай бұзылмай сол күйінде сақталған

деп айтуға болады. Сағананың есігін ашып кіргенімізде оның ішіне тіпті ешқандай топырақтың түспегеніне куә болдық. Тек қана кезінде саз балшықпен сыланғандығын сылақ құландысынан байқауға болады. Сылақтың кейбір жерлерде сақталғаны да байқалады. Сағананың ішкі биіктігі 1,65 м. Сағана ішінде басы солтүстік-батысқа бағытталып жерленген үш ересек адамның қаңқасы мен солтүстік бұрышына жинап қойған үш адамның қаңқасы анықталды (бұл адам сүйектерінің барлығы генетикалық, антропологиялық, радиокарбондық зерттеуге берілді). Сағананың едені күйген кірпішпен жалпағынан бір қатар төселген. Еден есіктен 0,5 м тереңдікте жатыр.



4-сур. Сағана көрінісі

Қазба кезінде анықталған құрылыс ерекшеліктері мен заттай деректерге тоқтала кетсек. Құрылыста негізінен 25×25×5 см көлемдегі күйген қыштар қолданылған. Бір қызығы бірнеше бұрышты болып келген кесене құрылысының әрбір бұрышына 39×25×5 см көлемдегі қыштарды пайдаланған. Ол бұрыштардағы қаландының байланысы мен мықтылығына өте жақсы әсер ететіні белгілі. Сондай-ақ қазба барысында құландының әр бөлігінен 33×33×9 см болатын қыштар да анықталды. Қазіргі сақталған қаланды бөлікте оларды қолданбаған. Мүмкін бұл көлемді қыштар күмбез құрылысының бір бөлігінде пайдаланылған болуы мүмкін.

Көккесене құрылысында пайдаланған материалдардың тағы бір ерекшелігі – сырлы бояудың сан-алуан түрлі болуы және олар әдеттегідей күйдірілген саздан жасалған қышқа емес гипске жағылғандығы. Бояу түрінің сия көк, көгілдір, қызыл, сары, ақ түстері кездеседі. Сонымен қатар кесенені әрлендіру барысында негізінен мозаика, яғни бір тегістік бетіне әр түрлі сырланған бояудағы бөлшектерді қырқып, қиюластыру арқылы орындаған деталдарды пайдаланған. Сырлы бояуды гипске жағу себебі осыдан болар. Өйткені күйдірілген қышқа қарағанда гипс өңдеуге оңай материал екендігіне біз көз жеткізіп отырмыз. Қыш қаландысының бетіне бұл мозаиканы күйген қыштың үгітіндісін гипспен араластырып барып, жабыстырып отырғандығын байқадық. Қазба барысында анықталған кейбір құландылырдан осы әдіспен орындалған араб әліпбиінде әріптер тіркесін де көруге болады. Дегенмен олар толық біріктіруге келмейді. Бұл жазбаларға қарап кезінде Каллаурдың айтқан күмбез ішінде айналдыра жазылған арап әліпбиіндегі мәтіндер болуы ықтимал деген ойын растай түседі.

Кесененің келесі бір ерекшелігі – беті оюланған қаптама терракоталар. Бұл жерде бірнеше нұсқасын жолықтыруға болады. Осылардың ішінде бір қызықты нұсқаға тап болдық. Ол бір-бірімен қиюласатын қаптама терракоталардың арасындағы бүкіл қаптаманы құлатпай ұстап тұруға арнайы жасалған «шеге» ретінде пайдаланылған өрнекті қыш. Оның ерекшелігі басқа оюлы қаптамалардың қалыңдығы 11–9–7–56 см болса, бұл қаптаманың артқы бөлігі 20–22 см дейін жетеді және түп жағы шоқпар тәрізді домаланып бітеді. Оның бұлай болу себебі, оның артқы жағы негізгі құрылыс қабырғасына кіріп тұратын болған. Осыған ұқсас қыш қаптамалар

биылғы Сығанақ қаласының жанында қазылған № 6 және 7 кесенелерден де анықталып отыр. Жалпы құрылыс қыштарын қалаған кезде кәдімгі таза саз балшық пайдаланылған. Ал кесене құрылысының сыртқы қаптамалары мен ішкі бөліктерін әрлеу үшін кезінде арнайы үгітілген қыш қалдықтарынан жасалған шамот пен гипс пайдаланғандығын байқадық. Кесене құрылысына пайдаланылған арнайы дайын иленділердің көлемді қалдықтарын кесене қабырғасының төрт жағынан да анықтадық. Ол қалдықтардың үйіндісі қазіргі таңдағы қазба кесігінен де анық байқалып жатыр.

Бұл құрылысты салу барысында сырлы бояуды осы кесененің түбінде дайындаған тәрізді. Олай деуге кесененің шығыс бөлігінде үлкен температурада күйген шлак іздерінің көптеп табылуы. Сондай-ақ ол сырлы бояуды дайындауға қажетті негізгі минерал – селенит қалдықтары қазбаның барлық бөлігінен, күйдіру кезінде жарамсыз болып қалған боялған қалдықтар да жиі кездесіп отырады. Егер арнайы басқа жақта дайындалған болса жарамсыз қалдықтарды тасымалдаудың қажеттелігі де болмас еді.

Бұл жалпы 2022 ж. Көккесенеде атқарылған жұмыстар туралы алғашқы мәлімет. Кесене құрылысының қашан салынғаны туралы әзірше тек болжамдар ғана айтуға болады. Құрылымдық ерекшелігі жағынан Қышқаладағы 2021 ж. анықталған кесенемен (XIV–XV ғғ.) ұқсастық тауып отыр [Елеуов, Талеев және т. б. 2021]. Сондай-ақ кейбір алшақтау ұқсастықтарды Кердері-II [Байпаков 2012: 233], Әуликөл [Петров, Смағұлов 2018: 167–184] ескерткіштерінен кездестіреміз. Мерзімдік көрсеткіші жайлы толық мәліметті лабораториялық сараптамадан соң айтуға болады.

ӘДЕБИЕТ

- Байпаков К.М. Исламская археологическая архитектура и археология Казахстана. Алматы: ТОО «Археологическая экспертиза», 2012. 284 с.
- Диваев А.А. Мавзолей Кок-Кесене (Историко-археологическая заметка) // ПТКЛА (1904–1905), X. Ташкент: типогр. штаба Туркестанского военного округа, 1905. С. 40-42.
- Диваев А.А. О значении названия «Кок-Кесене» (Историко-археологическая заметка) // ПТКЛА (1907–1908), XIII. Ташкент: типо-литогр. В.М. Ильина, 1909. С. 11-13.
- Елеуов М., Талеев Д., Есен С., Молдахмет А., Сапатаев С., Ерсариев А., Нұрман Б., Қиясбек М. «Ортағасырлық Қышқала (Баршынкент): Алтын Орда дәуіріндегі қалалық мәдениет контекстінде» тақырыбындағы жобаның есебі. Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2021. 194 б.
- Каллаур В.А. Мавзолей Кок-кесене в Перовского уезде // ПТКЛА (1900–1901), VI. Ташкент: типо-литогр. В.М. Ильина, 1901. С. 98-101. (прил. к прот. от 18.09.1901 г.).
- Каллаур В.А. Древние города Саганакъ (Сунакъ), Ашнась или Эшнась (Асанась) и другие в Перовском уезде, разрушенные Чингисъ-ханом в 1219 году // ПТКЛА (1899–1900), V. Ташкент: типо-литогр. торг. дома Ф. и Г. Бр. Каменские, 1900. С. 6-16. (прил. к прот. от 07.02.1900 г.).
- Каллаур В.А. По поводу сообщений А.А. Диваева о древних сооружениях «Текъ-Турмасъ» и «Кок-Кесене» // ПТКЛА (1906–1907), XII. Ташкент: типо-литогр. В.М. Ильина, 1908. С. 32-34.
- Қызылорда облысының тарихи ескерткіштерінің жинағын баспаға даярлау (қорытынды) ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі. Түркістан, 2005. 115 б. // ХҚТУ АФЗО архиві. Инв. № 5.
- Петров П.Н., Смағұлов Т.Н. Нумизматические находки XIV века из некрополя у озера Аулиеколь // Stratum plus. 2018. № 6. С. 167-184.
- Якубовский А.Ю. Развалины Сыгнака (Сугнака) // Сообщения ГАИМК. Т.11. Л., 1929. С. 123-159.

Кольченко В.А. (Бишкек, Кыргызстан), Тулуш Д.К., Ситдииков А.Г., Бездудный В.Г. (Казань, Россия)	
Предварительные результаты исследования средневековых городов Чуйской долины в 2021–2022 гг.	164
Жетібаев К.М., Сиздииков Б.С., Бахтыбаев М.М. (Түркістан, Қазақстан)	
Ортағасырлық Сығанақ қаласында 2021–2022 жылдары жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелері	184
Аяган Б. (Нур-Султан, Казахстан)	
Город Сыгнак и округ Туркестана в период правления Шибанидов: материальная культура и архитектура	195
Искандерова А.Д., Султанова М.Н. (Самарканд, Узбекистан)	
Архитектурный декор средневекового Хорезма и его аналогии в архитектуре мавзолеев Южного Казахстана	203
Мұрғабаяев С.С., Бахтыбаев М.М., Малдыбекова Л.Ж. (Түркістан, Қазақстан)	
2022 жылы Көккесенеде жүргізілген зерттеулердің нәтижелері	216
Гюль Э.Ф. (Ташкент, Узбекистан)	
Искусство периода правления Шейбанидов: основные тенденции	223
Лурье П.Б. (Санкт-Петербург, Россия)	
К согдийской эпиграфике Средней Сырдарьи и Семиречья	231
Петров П.Н., Белтенев Ж.М. (Алматы, Казахстан)	
Третий Алматинский 2021 г. клад серебряных монет XIV в. Чагатаидского ханства	235
Бугарчев А.И. (Казань, Россия), Петров П.Н. (Алматы, Казахстан), Шайхутдинова Е.Ф. (Казань, Россия)	
Монеты Хаджи-Тархана XV в. из клада Караульная Гора (по материалам из фондов НМ РТ)	242
Мусакаева А.А. (Ташкент, Узбекистан)	
Гирьки из Чача	248
Юдин Н.И. (Азов, Россия)	
Печати купцов из золотоордынского Азака	256
Крупа Т.Н. (Павлодар, Казахстан)	
Применение РЭМ при изучении технологии изготовления золотных нитей эпохи античности — средних веков	264
Крупа Т.Н. (Павлодар, Казахстан)	
Археологический текстиль как исторический источник и некоторые особенности его сохранности	270
Шалахов Е.Г. (Юрино, Россия)	
Вандализм на памятнике археологии (ситуация с Юринской стоянкой в Среднем Поволжье)	277
Қысқартулар тізімі – Список сокращений – List of Abbreviations	283